



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 2 тамыз

### Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі 2018 жылғы бірінші жартыжылдықта қабылдаған шектеулі ықпал ету шаралары және санкциялар туралы

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы ұйымдарының заңнамаларда, оның ішінде банктік заңнамада, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды тұрақты негізде жүзеге асырады.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша және бұзушылықтар анықталған кезде, Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы ұйымдарына шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларын қолданады.

Мәселен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде **2018 жылғы бірінші жартыжылдықта** Қазақстан Ұлттық Банкі **160 шектеулі ықпал ету шарасын қолданды, оның ішінде:**

- айыппұлдар салу және өндіріп алу түріндегі **47 санкция;**
- **113 шектеулі ықпал ету шарасы,** оның ішінде **102** жазбаша ұйғарым және **11** жазбаша ескерту.

#### Қаржы секторы бойынша:

- 1) **Екінші деңгейдегі банктер – 129** (42 айыппұл, 78 жазбаша ұйғарым, 9 жазбаша ескерту);
- 2) **Микроқаржы ұйымдары - 20** (5 айыппұл, 14 жазбаша ұйғарым, 1 жазбаша ескерту);
- 3) **Сақтандыру компаниялары – 4** жазбаша ескерту;
- 4) **Коллекторлық агенттіктер - 7** (6 жазбаша ұйғарым, 1 жазбаша ескерту).

**2018 жылғы бірінші жартыжылдықтағы айыппұлдардың сомасы – 40 047 882 теңге.**

Более подробную информацию представители СМИ могут получить по телефону:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)